

**ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ
Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының хаттамасы**

Өскемен қаласы

25.02.2022

Өтетін жері: ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ

Өткізу түрі: (қашықтықтан)

Қатысқандар: 8 адам

Келмегендер: 1 адам

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Тусупова Нуржан Курмантаевна- «Юрлик» бірлестігі қорының төрайымы,
«Нұр Отан» партиясы филиалының мүшесі.

Рахимова Макен Рахимовна- Меновной ауылдық округі ардагерлер кеңесінің
төрайымы.

Бақыт Маржан - «Адалдық алаңы» жобалық орталығының басшысы

Иргебаев Ернар Турсынханович - Шығыс Қазақстан гуманитарлы-техникалық
колледжінің директоры, ШҚО колледждері директорлары бірлестігінің
төрағасы, ҚР колледждері директорлары бірлестігінің төрағасы.

Сорокина Татьяна Юрьевна – Психолог КДС ЖШС «Казцинк», теннис
орталығы

Янкина Тамара Николаевна - жеке кәсіпкер

Сакалова Гульжан Казезовна -ШҚО ББ «№49 орта мектебі» КММ
директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мадиева Гульзира Керімбаевна - «Өскемен қаласы тауарлар мен көрсетілетін
қызметтің қауіпсіздігін қадағалау басқармасы» РММ бас маманы

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту
туралы (Тусупова Н.К.)

2. Тәрбиеленушілердің қысқы демалысынң өткізілуі туралы есеп беру
және көктемгі демалыстың ұйымдастыру жоспары туралы.

(директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Б.Авгамбаева)

3. Тамақты ұйымдастыру сапасының мониторингісі

(директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Б.Авгамбаева)

Тыңдалды:

1. Тусупова Н.К.- Қамқоршылық кеңес төрайымы

Кеңес мүшелері жыл көлемінде балалар ауылы тәрбиеленушілерінің қосымша
біліммен қамтылулары үшін жүргізіліп жатқан шаралармен танысып отырды.
Балалардың жан-жақты тәрбие мен білім алулары үшін жүйелі жұмыстар
жүргізіліп отыр. Үйірмелер мен спорттық секцияларға балаларды қатыстыру
жұмыстары үнемі қарқынды атқарылуда. ШҚО бойынша «Ана үйі» ҚК, «Отбасын
және балалықты қолдау орталығы» ҚМҚК, «Оқушылар шығармашылық сарайы»
ҚМҚК әлеуметтік-психологиялық қызметімен бірлескен іс-шаралары да тиімді
өткізілді. Сондай-ақ балалардың жазғы демалыстағы «Төменгі Тайынты»
лагерінде демалуы және сауықтырулары, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша
пайдалы

енбекпен камтылуларын да айтты. Балалар ауылында өткізілген «Отбасы күні», «Қайырымдылық күні», «Ризашылық мерекесі», Республикалық Балаларды қорғау күні мерекелеріне қамқоршылық кеңес мүшелері үнемі қатысып отырды. Келесі 2022 жылғы бекітілетін жұмыс жоспарымен таныстырып, бекітуге ұсынды. Биылғы жылдың ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен «Балалар жылы» болып аталатынын, осығаниорай іс-шараларды ұйымдастыру керектігін атап айтты.

Екінші сұрақтар бойынша карантиндік оқшаулану жағдайында іс-шараларды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қарастыру туралы айтылды. Балалардың денсаулығын үнемі тексеру отыру керектігі жайлы ұсыныстар берілді. Тәрбиеленушілерге көрсетілетін психологиялық, әлеуметтік көмектердің қарқынды жүргізілуіне тоқталды.

2. Авгамбаева Б.К.-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

2021-2022 оқу жылдың қысқы демалысы ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ-нің тәрбиеленушілеріне «Қазақстан балалары- қысқы ертегі» концепциясына сәйкес демалыс уақытындағы айналысатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 30 желтоқсан – 17 қаңтар аралығында өткізілді. Іс-шаралардың мақсаты балалардың бос уақытын ұйымдастыру, денсаулығын нығайту, құқықбұзушылықтың алдын алу болды. Осы орайда әр отбасы қалалық демалыс орындарына, сауықтыру орталықтарына бір күндік саяхатқа барып көңілдерін көтеріп қайтты. 29 желтоқсанда ШҚО Драма театрына «Мұзды өлке атты» жаңа жылдық қойылымды тамашалап, 2 қаңтар күні тәрбиеленушілер Б.Александров атындағы спорт сарайындағы мұз алаңына сырғанақ тебуге барды. Балалар ауылы ауласында құйылған мұз айдында балалар күнделікті сырғанақ теуіп, таза ауада демалды. Сондай -ақ балалардың денсаулығын нығайту, бірлікке, ұйымшылдыққа, адамгершілікке баулу мақсатында жанұялық «Қысқы көңілді старт ойындары» атты эстафеталық сайыс, «Туған жерім-алтын бесігім» атты 1-4- сынып тәрбиеленушілері арасында оқырмандар сайысы (Мұхтарханова Б., Шамирбаева Г.) ұйымдастырылды.

ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ-ге қарасты жасөспірімдер үйіндегі студент түлектер мен тәрбиеші Ж.Оразбаеваның ұйымдастыруымен ««Әдемі» сұлулық салоны» сайыстары ұйымдастырылды. Сайысқа шаштараз Бікірова Бақыт қатысып, сайыс жеңімпаздары № 4 үйдің тәрбиеленушілеріне өзінің «Салтанат» сұлулық салонында шеберлік сыныбын өтуге шақырды. Тәрбиеленушілердің психологиялық, эмоциялық жай-күйлеріне де басым көңіл бөлініп, психологиялық, әлеуметтік тренингтер жоспарлы түрде өткізілді. Атап айтқанда «Балалар шығармашылық сарайы» КМКК психологі Молонуха А.П. 8-11- сынып оқитындар арасында

«Жыныстық қол сұғушылық қылмысының алдын алу» тақырыбында тренинг, 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге (ер балалар) «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты әңгіме жүргізді. Балалар ауылының психологі Д.Сальменская 6-8- сыныптар, 9-11-сыныптарға оқитын тәрбиеленушілермен «Өзін өзі басқару» атты, бастауыш және орта буында оқитын тәрбиеленушілерге «Жалпы адамгершілік құндылықтарға үйрету», «Өзін өзі бағыттау» тақырыптарында тренингтер өткізді. Психолог Д.Сальменская әлеуметтік педагог А.Малгаждаровамен бірлесіп, түлектердің мамандық таңдауына психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізді. Балалар ауылының директоры түлектермен отырыс өткізіп, мамандықты дұрыс таңдауда түпкілікті ойлануға бағыт- бағдар берді. Ана-тәрбиешілер өз отбасыларында кіші жанұялық кеңес өткізіп, өткен тоқсанның қорытындысын жасап, жаңа оқу тоқсанына дайындық жұмыстарын жүргізді. Тәрбиеленушілер өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.

Тыңдалғандар:

Татьяна Юревна- балалар ауылының тәрбиеленушілерінің ашық түрде әңгімелесіп, ішкі жан- дүниелерін ашуға тұйық емес, дұрыс бағытта тәрбиеленіп отырғандығы туралы айтып өтті. Карантиндік жағдайларға байланысты атқарылатын іс-шаралардың барлығы жоғарғы деңгейде өткізіліп жатқандығы жөнінде айтып өтті.

Ернар Турсынханович – қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы балалар ауылында істеліп жатқан іс-шараларға толық қанағаттандығын жеткізді. Жоспардағы шаралардың іске асырылуына ат салысып қолдау көрсететіндігін айтып өтті

Қабылданған шешім:

Бірінші сұрақ бойынша:

1. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Екінші сұрақ бойынша: Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, психологиялық, әлеуметтік көиектерді жан-жақты қарастыру жан -жақты жағдайлар қарастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Мүшелері

Тусупова Н. К.

Мадиева Г.К.

Рахимова М.Р.

Янкоина Т.Н.

Иргебаев Е. Т.

Бакыт М.

Сорокина Т.Ю.

Сакалова Г.К.

Авгамбаева Б.К.

Хатшы